


Бекітемін: 
Мектеп директоры: Л.Х. Еспанова



Келісемін: 
Директорлық тәрбие ісі жөніндегі
орынбсары: Н.Б. Құдайбергенов

Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Тәрбие жұмысы жоспары

Педагог: Ешимбетова Ақгүль Кенжегалиевна
5 «Ә» класс

2021-2022 оқу жылы

Қыркүйек

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Тәуелсіздік жетістіктері»	Тәрбие сағаты	01.09.2021	А.К.Ешимбетова
2	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Өнегелі бір сағат» жобасы	5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру «Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі»	Сынып сағаты	04.09.2021	А.К.Ешимбетова
3	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Әке-дана қорғаның»	Тәрбие сағаты	11.09.2021	А.К.Ешимбетова
4	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«ЭКОstart» жобасы	«Жер ана жаса!»	Виртуалды саяхат	18.09.2021	А.К.Ешимбетова
5	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Менің әлемім-сұлулық пен мейірімділік әлемі»	ақпараттық шаралар, брошура	25.09.2021	А.К.Ешимбетова

Қазан

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
6	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Қарты бар үйдің қазынасы бар»	Әңгімелесу	02.10.2021	А.К.Ешимбетова
7	Рухани-адамгершілік тәрбие	"Қоғамға қызмет"	Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы. «Ыбырай Алтынсарин-балалар әдебиетінің атасы»	Тәрбие сағаты	09.10.2021	А.К.Ешимбетова
8	Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	Өзін-өзі басқару күні	Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 25 жыл	Әңгімелесу	16.10.2021	А.К.Ешимбетова
9	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«ЭКОstart» жобасы	«Қоршаған ортаны аялай білейік!»	сынып сағаты	23.10.2021	А.К.Ешимбетова

10	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	"Өзін-өзі басқару"	Денсаулығы ғаламның-денсаулығы адамның	Жарыс сабақ	30.10.2021	А.К.Ешимбетова
----	-------------------------------------	--------------------	--	-------------	------------	----------------

Қараша

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
11	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Менің әлемім-сұлулық пен мейірімділік әлемі»	Танымдық сабақ	13.11.2021	А.К.Ешимбетова
12	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«ЭКОstart» жобасы	«Табиғаттағы күштер»	сынып сағаты	20.11.2021	А.К.Ешимбетова
13	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Туым – теңдігім, елтаңбам – елдігім, әнұраным – айбыным»	Тәрбие сағаты	27.11.2021	А.К.Ешимбетова

Желтоқсан

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
14	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	"Өзін-өзі басқару"	«Тұмаудан сақтанудың оңай жолы»	Танымдық сабақ	04.12.2021	А.К.Ешимбетова
15	Рухани-адамгершілік тәрбие	"Қоғамға қызмет"	Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы. «Ыбырай Алтынсарин-балалар әдебиетінің атасы»	Тәрбие сағаты	11.12.2021	А.К.Ешимбетова
16	Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	Өзін-өзі басқару күні	«Шабыт – шығармашылық шынары»	Қолөнер көрмесі	18.12.2021	А.К.Ешимбетова
17	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«ЭКОstart» жобасы	«Бұл қызықты! Мәртебелі-ауа райы!»	сынып сағаты	25.12.2021	А.К.Ешимбетова

Қаңтар

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
18	Рухани-адамгершілік тәрбие	"Қоғамға қызмет"	Д.Нүрпейісованың туғанына 160 жыл «Күй анасы – Дина Нүрпейісова»	Тәрбие сағаты	15.01.2022	А.К.Ешимбетова
19	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Менің әлемім-сұлулық пен мейірімділік әлемі»	Пікірталас	22.01.2022	А.К.Ешимбетова
20	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«ЭКОstart» жобасы	«Адам – табиғаттың досы!»	сынып сағаты	29.01.2022	А.К.Ешимбетова

Ақпан

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
21	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Жол қозғалысының қауіпсіздігі»	Сұрақ-жауап	05.02.2022	А.К.Ешимбетова
22	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«ЭКОstart» жобасы	«Топографияға саяхат. Өз өлкеңді сүй және біл»	сынып сағаты	12.02.2022	А.К.Ешимбетова
23	Ұлттық тәрбие	"Оқуға құштар мектеп"	М.Мақатаевтың туғанына 90 жыл «Поэзияның асқар шыңы – Мұқағали Мақатаев»	Мәнерлеп оқу сайысы	19.02.2022	А.К.Ешимбетова
24	Рухани-адамгершілік тәрбие	"Қоғамға қызмет"	Ж.Жабаевтың туғанына 175 жыл «Жыр алыбы – Жамбыл»	Тәрбие сағаты	26.02.2022	А.К.Ешимбетова

Наурыз

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
---	----------------------------	-----------------------	------------------	---------------	-----------------	------------

25	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Ана деген махаббат»	Әңгімелесу	05.03.2022	А.К.Ешимбетова
26	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Менің әлемім-сұлулық пен мейірімділік әлемі»	Тәрбие сағаты	12.03.2022	А.К.Ешимбетова

Сәуір


№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
27	Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	Өзін-өзі басқару күні	«Әдептілік әліппесі»	Әңгімелесу	02.04.2022	А.К.Ешимбетова
28	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«ЭКОstart» жобасы	«Біз көппіз - Жер бір!»	Тәрбие сағаты	9.04.2022	А.К.Ешимбетова
29	Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	Ұшқыр ой алаңы.	«Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы», жаңылтпаштар сайысы.	Тәрбие сағаты	16.04.2022	А.К.Ешимбетова
30	Рухани-адамгершілік тәрбие	"Қоғамға қызмет"	Әлихан Бөкейханның туғанына 155 жыл «Әлихан Бөкейханов Алаштың ардақтысы»	Тәрбие сағаты	23.04.2022	А.К.Ешимбетова
31	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	"Өзін-өзі басқару"	«Салауатты өмір – көтеріңкі көңіл»	Ашық тәрбие сағаты	30.04.2022	А.К.Ешимбетова

Мамыр

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауаптылар
32	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып»	«Шаңырағым шаттығым!»	Отбасылық фото көрме ұйымдастыру	14.05.2022	А.К.Ешимбетова
33-34	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ Ұлттық тәрбие	«ЭКОstart» жобасы "Оқуға	«Егер әлемді жақсартқыңыз келсе, өзіңізден бастаңыз» Ақселеу Сейдімбектің туғанына 80 жыл	сынып сағаты Тәрбие сағаты	(07.05.2022) 21.05.2022	А.К.Ешимбетова

Бекітемін:
Мектеп директоры:  Л.Х. Еспанова



Келісемін:
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбсары:  Н.Б. Құдайбергенов

Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Тәрбие жұмысы жоспары

Педагог: Ешимбетова Ақгуль Кенжегалиевна
6 «Ә» класс

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жоспары
Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	ҚР Ата заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР Білім туралы заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
4	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
5	«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
6	«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
7	2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
8	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы	Ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету				
1	Рухани жаңғыру бағдарламасы Мәңгілік Ел бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
2	ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 бағдарламасы	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
3	2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат	ақпарат беру	Сынып жетекші Сынып оқушылары	үнемі
III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар				
<p>1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Міндеттері: Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; 11 елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне; басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына; өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне; құқықтық білімге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына; заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.</p>				
№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	«Менің елім, менің Қазақстаным»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	13.03.2023
2.	«Жол қауіпсіздігі ережесі» жас жолаушы жадынамасы	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	26.09.2022
3	«Туған тілім – тірлігімнің айғағы»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	30.01.2023

2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері:

мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына; өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет-ғұрпына; 12 діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға; түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
4	Адалдық пен әдептілік	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	5.09.2022
5	«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы»	Әңгімелесу	Сынып жетекші Сынып оқушылары	3.10.2022
6	«Таза болса табиғат, аман болар адамзат»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	29.05.2023
7	«Имандылық инабаттылық бастауы»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	23.01.2023
8	«Шын дос – асыл қазына»	Тренинг	Сынып жетекші Сынып оқушылары	24.04.2023 (1.05.2023)

3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Міндеттері:

этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына; Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
9	«Ұлттық валюта» - нарық талабы	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	5.12.2022
10	«М.Әуезов 125 жылдығы»	Ақпараттық сағат	Сынып жетекші Сынып оқушылары	17.10.2022
11	«Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	17.04.2023
12	«Қазақтың тыйым сөзі – ұлттық тәрбие көзі»	Тәрбие сағаты	Сынып оқушылары	15.05.2023 (8.05.2023)
13	«Қазыбек бидің 355 жылдығы»	Ақпараттық сағат	Сынып жетекші	12.12.2022 (19.12.2022)

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Міндеттері:

этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
14	«Отбасы - бақыт ұясы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	12.09.2022
15	«Қарты бар үйдің қазынасы бар»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	10.10.2022
16	«Ана деген махаббат»	Ата-аналарға арналған концерт	Сынып оқушылары, мектеп медбикесі	6.03.2022

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

Міндеттері:

мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;

экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне;

табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке;

кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға;

еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа

саналы қатынас таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
17	«Экологиялық тәрбие – болашақ кепілі.»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	24.10.2022
18	«Топографияға саяхат. Өз өлкеңді сүй және біл»	пікірлесу	Сынып жетекші Сынып оқушылары	13.02.2023
19	«Ахмет Байтұрсынов» 150 жылдығы	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	19.09.2022

6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Міндеттері:

өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;

сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;

зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне; пікірталас жүргізу

дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге;

Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;

Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға;

жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
20	«Дәулет атайдың ертегілері»	Танымдық сабақ	Сынып жетекші Сынып оқушылары	14.11.2022
21	«Құпия бақ»	Тәрбие сағаты	Сынып оқушылары	27.02.2023
22	«Құқықтық сауаттылық заман талабы»	Сайыс сабақ	Сынып жетекші Сынып оқушылары	27.03.2023
23	«Ханзада мен қайыршы» Марк твен шығарма	Интелек ойын	Сынып жетекші Сынып оқушылары	22.05.2023

7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және

болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Міндеттері: толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
24	«Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші Сынып оқушылары	21.11.2022
25	«Өрт қауіпсіздігі ережелері»	Сурет буклет газет шығару	Сынып жетекші Сынып оқушылары	06.02.2023
26	«Роза Бағланованың 100 жылдығы»	Ашық тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	16.01.2023
27	«Жол ережесін сақтаймыз»	Эссе байқауы	Тарих пәні мұғалімі	26.12.2022
28	«Ғарышкерлер күні» Талғат Бигелденовтың 100 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10.04.2023


8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.


Міндеттері:

денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға; денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез-құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
29	«Тамақтану рационан білесің бе?»	Әлеуметтік педагогпен Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	7.11.2022
30	«Тазалық – денсаулық кепілі»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	3.04.2023
31	«Дені саудың - жаны сау»	Медбике кеңесі	Сынып жетекші Сынып оқушылары	20.02.2023
32	«Қазақ спортының мақтаныштары – ұлт мақтанышы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	9.01.2023
33	«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	28.11.2022

Бекітемін:  Л.Х. Еспанова
Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ директоры

« 06 » 09 2023 жыл

Келісемін:  Н.Б.Кұдайбергенов
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары:
« 06 » 09 2023 жыл

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған 7 «Ә» класының тәрбие жоспары

Класс жетекшісі:

Ешимбетова А.К

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек-А. Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
ҚАҒИДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	1 қыркүйек-білім күні «Мектеп-мейірім мекені»	5-9 сынып	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн-акциясы #Bilim_dunixэштегі	Облыстық білім бөлімі Қалалық білім бөлімі	1.09.23
2	«Отбасы мейірім ошағы «Еңбегі адал жас өрен»	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		4.09.23
3	«Отбасы ынтымақ ошағы» («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		11.09.23
4	Т.Жүргеновтің 125 жылдығы	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		18.09.23
5	Отбасы күніне арналған іс-шаралар «Тоғыз айгатоғызшара» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар.		25.09.23
АТА-АНА МЕН ЖҰМЫС						
1	«Адалдық – атадан қалған мұра»	5-9 сыныптар	Кездесу	Жиналыс	«Ата-аналар» мектебі	

ҚАЗАН-АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1қазан –Қарттар күні
- 5қазан –Мұғалімдер күні
- 25қазан –Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Кобеевтің туғанына 145жыл
- Алаш әуртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһур-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл
- Қазақ халқының 18-ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Гәлішаровтың туғанына 130жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу мерзімі	Білім беру ұйымдары мен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Үстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		2.10.23
2	«Ханзала мен Қайыршы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	«Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі		09.10.23
3	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		16.10.23
4	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғұламтор қауіпсіздігі» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		23.10.23
АТА-АНА МЕН ЖҰМЫС						
1	«Әкем айтқан нағыз сөз»	Әкелер	Доңғелек үстел	Истарамам парақшасы	«Әкелер» мектебі	

ҚАРАША-ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15қараша-Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАН, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)						
1	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас орен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жо спары		6.11.23
2	«Ояң, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас орен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жо спары		13.11.23
3	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас орен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жо спары		20.1.23
4	«Отбасылық дәстүрлер» отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, әлеуметтік медиа челленждерді ұйымдастыру («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жо спары,		27.11.23

ЖЕЛТОҚСАН-«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдары мен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП-АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОҒАН)						
1	«Қобыланды батыр жыры» («Балалар кітапханасы» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		4.12.23
2	«Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, хаттама		11.12.23
3	«Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары, хаттама		25.12

ҚАҢТАР-«ҰЛТТЫҚ КОД»АЙЫ

➤ Қысқы демалыс

№	Е-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		8.01.24
2	«Парасаттылық туралы» («Оқуға құлштар мектеп» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мәдениет қызметкерлері	15.01
3	«Мейірімділік құндылығы»	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		22.01
4	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Құқық қорғау қызметкерлері,	29.01

АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуы саны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
	ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)					
1	«Қамар сұлу» («Балалар кітапханасы» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		05.02
2	«Тарихқа тағзым» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-9 сыныптар	Саяхат	Суреттер	Олжестану мұражайы	12.02
3	Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		19.02
4	Отаншылдық және оның мәні	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		26.02

НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚСАЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ АЙЫ

- 1наурыз–Алғысайту күні
- 8наурыз–Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23наурыз–Наурыз мейрамы
- 27наурыз –Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсаттың аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуының нысаны	Білім беру ұйымымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		4.03
2.	«Үміт сәулесі» акция («Еңбегі ерен жас ер» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		11.03.24
3	«Таным. Тағылым. Тәрбие» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы) жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		18.03
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС						
	«Отан Отбасыдан басталады»		Дөңгелек үстел	Инстаграм марақнасы		

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатына аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуы ысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік Органның атауы	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Достық-көмекпен мықты» («Еңбегі адал жас орен» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Ерістілер клубы	1.04
2.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		8.04
3.	«Ұлттық киім-үрпаққа мұра» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-9 сыныптар	Ашық тәрбие сағаты	Сынып сағатының жоспары		15.04
4.	«Қоқысты қайта өңдеу процесі» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		22.04
5	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		29.04

МАМЫР–БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр- Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және аңаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталуы саны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын Мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)						
1.	«Ұстазға алғыс» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының қос пары		6.05
2.	«Медиа time» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының қос пары		13.05
3.	«Қалықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының қос пары		20.05
АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС						
1	«Халықаралық отбасы күні» Денсаулық FEST (Ұлттық мектеп лигасы)	Ата-аналар	Жиналыс	Видео, суреттер	Ата-аналар қоғамының мүшелері	

Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ

2021-2022 оқу жылы бойынша 5 «Ә» класс жетекшісінің жылдық талдау есебі.

5 «Ә» сыныбында 22 оқушы бар. Оның ішінде 9 ұл бала, 13 қыз бала. Сынып жетекшісі Ешимбетова Ақгүл Кенжеғалиқызы.

Жыл басында 2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспары жасақталып, жас ұрпақтың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды. Жыл басынан әр аптаның сенбі күндері жоспар бойынша сынып сағаттарын өткіздім. Бүкіл тәрбие жұмысы Елбасының «Мәңгілік Ел- 2050» жолдауында айтып өткендей оқушылардың сындарлы ойлау өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру бағытында жүргізілді. Әдеттегідей, тәрбие жұмысы кабинеттерде техника қауіпсіздігін сақтау, табиғат апаттарынан сақтану, азаматтық қорғаныс жұмыстарын ұйымдастыру шараларымен қабаттастыра өткізілді. 1 қыркүйекте сыныбымда «Мен Отанымның патриотымын!» атты сынып сағаты өтті.

Ұстаздар күніне байланысты мектепшілік «Ұстазым үлгі өнеге, ұлағатым» атты кешке концерттік нөмірмен қатысты.

5-7 сыныптар аралығында өткен «Алтын Күз» кешінде әрі сынып оқушылары да түгелімен белсене қатысты. Әсіресе бұл кеште киім үлгілерін тамаша көрсете алды. Таныстыру сценарилері де ойдан шықты, қолдан келген өнерлерін ортаға салып, таң қалдырды. Олардың еңбектері еленіп, марапаттау қағаздарын алды. Мектеп инспекторының және психологының сынып оқушылармен тренинг және әңгіме өткізілген кездесулер өтті.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Жасөспірімдер арасында АҚТҚ/ЖҚТБ-ң белгілері, жұқтырудың алдын –алу», «Дұрыс тамақтанудың бала денсаулығына әсері» атты әңгіме өтті. Жыл бойына мектепте өткізілген қоғамдық іс шараларға сынып оқушылары барынша белсене араласты, пәндер апталықтарына қабырға газеттерін шығарып, мерекелерде сахна көріністеріне ат салыса қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Елбасы Тұңғыш Президент күніне орай «Елбасы мәртебесі- желтоқсан тұңғыш президент күні» және «Тәуелсіздік күні» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушылар 1986 жылғы көтерілістің шығу себептерін білу арқылы, көтеріліске қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз армандаған тәуелсіздікке қол жеткізгенімізді мақтанышпен айта алды. Мектепшілік олимпиадаға оқушылар белсене қатысып, жүлделі орындарға иеленді. Наурыз айында «Ұлыстың ұлы күні Наурыз» атты мерекелік іс-шара аясында әр сынып дастархан жайып, концерт тамашалады. Мамырдың 6 күні сыныпта Ұлы жеңістің 73 жылдығына арналған тәрбие сағаты және мерекелік концерт өтті. Сабақтың және концерттің мақсаты еліміздің мақтанышына айналған батыр қыздарымыздың ерліктерін қазіргі жас ұрпаққа паш ету, мақтаныш ету арқылы олардың бойына патриоттық сезімді дарыту. Бұл тәрбие сағатындағы көрсетілген қойылымдар қай оқушыны да толғандырмай қоймады. Сонымен қатар 7 мамыр Қазақстан Республикасының қарулы күштер мерекесіне орай сынып сағаты өтті. Кәсіптік бағдар беру аясында қаламыздың көптеген колледждеріне бардық.

Мектепте көктем айының сәуір айынан бастап әдеттегідей мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл шара Елбасымыздың «Жасыл ел» бағдарламасының жалғасы, сондықтан 5 «Ә» сынып оқушылары да бір адамдай сенбілікке қатысып, өз қолтаңбаларын қалдырды. Яғни сынып оқушылары бөлінген территориясына гүл отырғызып, оларды суғарып отырды.

Әлеуметтік құрамы орташа, материалды жағынан жеткілікті қамтылған. Сыныптың оқушылары ұйымшыл, бір—бірімен жақсы араласады. Сыныптың жалпы танымдық бағыты жақсы. Жақсы оқитын оқушы саны 10, қалған оқушылар орташа. Сынып математика сабағынан көп қиналады, ал ауызша сабақтарға жақсы қатысады.. Мектептегі үйірмелерге қатысады. 2 оқушым би үйірмесіне, 1 оқушы вокалға қатысады. Ұл балдар спорттық үйірмелерге қатысады. Сыныптан тыс жұмыстарды сынып жетекшісінің көмегімен көбінесе топ басшысы мен тәрбие секторы ұйымдастырады. Барлығын жоспарлап алғаннан соң әрбір оқушыға тапсырмаларын бөліп беріп, орындалуын қадағалап отырады. Сынып іші топ –топқа бөліну бір-бірімен араласпай жүру деген сияқты жаман қылықтардан аулақ. Оқушылар ұйымшыл, бір-бірімен өте жақсы араласады. Сабақ үстінде бір-біріне үнемі көмектесіп отырады. Сынып оқушылары сыныптан тыс жұмыстарға белсене, бірігіп ұйымдастырып құштарлана қатысады.

Жыл басынан яғни қыркүйектен бастап 5 «Ә» сыныбының сабақтарына қатысып, сынып оқушыларының тәртібін, сабаққа деген ынталарын, үй тапсырмаларын қаншалықты орындайтындықтарын бақыладым. Бақылау кезінде оқушылардың оқу барысында жіберген қателіктерін дер кезінде байқап, оларға ескертулер айтып отырдым. Әр аптаның үшінші күндері күнделіктерін тексеріп, ескертулер беріп отырдым. Әсіресе күнделікті уақытында толтырып, пәндерден алған бағаларын сол бойда қойдыруларына үлкен мән беріп отырдым. Себебі, оқушылар мен ата-аналарда осы уақытқа дейін бұл дағды қалыптаспаған. Жыл қорытындысында сынып оқушылары үлгерімі 100 пайыз, сапалық құрамы пайызбен оқу жылын тәмәмді. Оқушылар жыл бойы мектептің қоғамдық іс шараларына белсене қатысты.

5 «Ә» сынып жетекшісі:



А.К.Ешимбетова

Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ

2022-2023 оқу жылы бойынша 6 «Ә» класс жетекшісінің жылдық талдау есебі.

6 «Ә» сыныбында 22 оқушы бар. Оның ішінде 10 ұл бала, 12 қыз бала. Сынып жетекшісі Ешимбетова Ақгүл Кенжеғалиқызы.

Жыл басында 2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспары жасақталып, жас ұрпақтың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды. Жыл басынан әр аптаның дүйсенбі күндері жоспар бойынша сынып сағаттарын өткіздім. Сыныптағы барлық оқушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігімен танысу мақсатында қыркүйек айында үйлерін аралап шықтым. Жалпы сынып оқушыларының интеллектуалдық деңгейі, сабаққа қызығушылық деңгейі өте жақсы, тәртіп жағынан жақсы. Оқу жылының басында сынып белсенділерін сайладық.

I және II жартыжылдық іс-шара жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай сынып сағаттарын көрсеттім.

Тәрбие сағаттарына ғана қатысып қоймай, балалар барлық мектепшілік шараларға да қатысып, атсалысып отырды. Мысалы үшін: «Күзгі бал», «Тәуелсіздік күні» мерекелік концертіне, «Жанажылдық шырша» мерекелеріне, «Күзгі жәрмеңке», «ИДН-мен кездесу», «Студенттермен кездесу», түрлі «Газеттер байқаулары», салтанатты саптүзеулер шараларына қатысып отырды. «Күзгі бал», Тілдер мекеркесіне орай өткізілген «Газает байқауынан», Тұңғыш Президент күніне орай өткізілген газет байқауына қатысып, мадақтама қағаздарын алған.

Оқушыларды еңбекке баулу мақсатында апта сайын сынып бөлмесін тазалауға және күнделікті кезекшілік кестесі бойынша сыныптың еденін ылғалдандыруын қадағалап отырдым. Апта сайын оқушылардың күнделіктерінің жүргізілуін тексердім. Күнделікті сабаққа кешіккен, сабақ босатқан оқушылармен әңгіме жүргізіп отырдым. Сынып оқушылары мектеп формасын сақтап отырды. Ай сайын балалардың үйін аралап, тұрмыс жағдайларын тексердім. Оқу үлгерімі бойынша әр пән мұғалімімен жекелей сөйлесіп отырдым.

Ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды. Онда оқушылардың тұрмыс-жағдайы, оқу үлгерімі, сабаққа қатысуының белсенділігі, емтиханға дайындығы және т.с.с. мәселелер талқыланып отырды. Жиі сабақтан қалатын оқушылардың ата-анасымен жеке жұмыс жүргізіліп, қысқы, күзгі, көктемгі және жазғы демалыста қайда болатындығы, өмір қауіпсіздігі және түнгі уақытта ата-анасыз жүруге болмайтындығы айтылып, ата-аналардан сенімхат алынды. Ата-аналармен жұмыс ватсап желісі және ұялы телефон арқылы үздіксіз жүріп отырды. Оқу үлгерімі- 63 % көрсетті. Озат-4 оқушы, Екпінді- 10 оқушы.

Жыл көлемінде атқарылған тәрбие жұмысы «Жақсы» деп қорытындыланды

Сынып жетекшісі:



А.К.Ешимбетова

Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ

2023-2024 оқу жылы бойынша 7 «Ә» класс жетекшісінің жылдық талдау есебі.

Сыныпта тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі –МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен бекітілген 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар жасалынып, бекітілді. Ұлттық құндылықтар бойынша ұйымдастырылған жылдық жоспарға сәйкес іс- шаралар өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, Ұлттық мүдде құндылығы бойынша: 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені», «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз », «25 қазан – Республика күні» атты тәрбие сағаттары, Ар-ұят құндылығы бойынша «Отбасы – тәрбие бастауы», «Жүсіпбек Аймауытов туғанына 135 жыл», «Мағжан Жұмабаевқа 130 жыл» атты тәрбие сағаттары, «Қарттарым – асыл қазынам», «Ұстаз-ұлы есім» тақырыбында бейнеқұттықтаулар мен бейнекөріністер, Талап құндылығы бойынша «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты бейнекөрініс түсіріліп жұмыстар жүргізілді.

Сыныпта 20 оқушы бар. Оның 12-сі қыз бала. Әлеуметтік жағынан қорғалатын оқушыларға көңіл бөлініп отырады. Әлеуметтік мәртебесі бойынша саралағанда, жартылай жетім – жоқ , көп балалы отбасы балалары – 13 оқушы, аз қамтамасыз етілген отбасы – 2 оқушы. Ыстық тамақпен қамтылған – 2 оқушы.

Әлеуметтік мәртебесін айғақтайтын құжаттар жинақталып, арнайы папка жасалынды. Осы мәртебедегі оқушылардың іс- шараларға қатынасуы басты назарда ұсталынып отырды. Оқулықпен толық қамтамасыз етіліп, қажетті оқушылармен жұмыс жоспары бойынша дарынды оқушылар іріктеліп алынды. Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығынан «Кенгуру» ойын - конкурсына құжаттар жинақталынды.

Дарынды Мергенбай Н , Серікова Ж, Тынысбеков А, Ғниязова А қатысып сертификатпен марапатталды. Саматов Еркебқлан «Қазақ күресі» спорт түрінен де 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. «Қазақ Академия» өнер орталығының ұйымдастыруымен «Өнер алаңы» І-ші республикалық байқауында жоғарғы деңгейде өнер көрсетіп, вокал номинациясы бойынша Қуанышбек Бекзат бас жүлде алып дипломмен марапатталды. Оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін ұштау, сонымен қатар ғылыми көзқарасын қалыптастыру, ғылыми білім жүйесін меңгерту мақсатында ұйымдастырылған «Зерде» аудандық ғылыми жобасында «Жаратылыстану» бағыты бойынша Ғниязова аяулым өз жобасын көрсетіп 2 орынға ие болды, облысқа жолдама алып 3 орынға ие болды.

Сынып оқушылары мектепішілік іс- шараларға да белсене атсалысып отырады. Атап айтқанда, Жол ережесін білейік, Отбасы күні айлықтарында бейнекөрініс түсіріп әлеуметтік желілерге салып отырды. Мектепте өткізілген «Аядай күз –

Алтын күз» атты байқауға сынып болып ат салысып алғыс хатпен марапатталды.

Ата – аналар жиналысы жоспарға сай өткізіліп отырды. Жиналыста оқушылардың орта буынға бейімделуі туралы, пәндерге ынтасы мен қызығушылығы, «Мектеп формасы», «мектеп ережесі», «Қауіпсіздік ережелері» туралы мәселелер қозғалды. Ата-аналармен әр түрлі тренингтер мен сауалнамалар жүргізіліп, бейнематериал ұсынылды. Демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында сынып оқушылары «Сарыарқа» кинотеатрында «Оян Қазақ» фильмін көріп қайтты. Фильм мазмұнын түсіну барысында кейбір оқушылардың көзіне жас келіп толқу үстінде де болды. Фильм оқушылардың жүрегінен орын таба алғаны көздерінен көрініп тұрды. Оқушылардың сабаққа бейімділіктерін анықтау мақсатында мектеп психологтары сабақтарға қатысып анализ жасап отырды. Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша арнайы дәптері басталған. Медбикемен бірлікте сабаққа қатыспаған оқушы дер кезінде анықталып отырады. Оқу жылының қорытындысы бойынша 7 «Ә» сыныбында 20 оқушы (8 ұл, 12 қыз). Оқу үздіктері – 2 оқушы, оқу екпінділері – 9 оқушы; білім сапасы 55 %.

Сынып жетекшісі:



А.К.Ешимбетова